


МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2024 жылдың 05 желтоқсан күні «Тәуелсіздік — ел бақыты!» атты аудандық жас ақындар мүшәйрасы жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында **онлайн** форматта ұйымдастырылып, өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Мүшәйраның мақсаты мен міндеттері: шығармашыл жастардың шабытын шыңдау. Азаттық аясында Қазақ елі қанатын кеңге жайған ширек ғасыр ішіндегі жетістіктерін, еркін елдің бүгінгі ажары мен ертеңгі жарқын келешегін, кешегі алапат күресін, тебірене жырға қосу, қазақ жырының қоржынына қомақты олжа салу. Жас ақындар «Мәңгілік Ел» болуға талпынған Ұлы Даланың тарихи тұлғаларын ел басынан өткен ұлы оқиғалармен ұштастыра отырып, көркем шығарма тудыру. Тақырыпқа сәйкес өлеңдерін көпшілікке паш ету болып табылады.

Осыған орай, қосымша ереже жолданады.

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы


М.Сванов

« ____ » _____ 2024 жыл

«Тәуелсіздік — ел бақыты!»

атты аудандық жас ақындар мүшәйрасының
ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер:

«Тәуелсіздік — ел бақыты!» атты аудандық жас ақындар мүшәйрасы 2024 жылдың 05 желтоқсан күні аудандық білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

Осы ереже балалар мен жасөспірімдерге арналған «Тәуелсіздік — ел бақыты!» атты аудандық жас ақындар мүшәйрасының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

II. Мүшәйраның мақсаты мен міндеттері:

Шығармашыл жастардың шабытын шыңдау. Азаттық аясында Қазақ елі қанатын кеңге жайған ширек ғасыр ішіндегі жетістіктерін, еркін елдің бүгінгі ажары мен ертеңгі жарқын келешегін, кешегі алапат күресін, тебірене жырға қосу, қазақ жырының қоржынына қомақты олжа салу. Жас ақындар «Мәңгілік Ел» болуға талпынған Ұлы Даланың тарихи тұлғаларын ел басынан өткен ұлы оқиғалармен ұштастыра отырып, көркем шығарма тудыру. Тақырыпқа сәйкес өлеңдерін көпшілікке паш ету.

III. Мүшәйраны ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

3.1. Мүшәйра жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында **онлайн** форматта ұйымдастырылады.

3.2. Қатысушы ережеде көрсетілген талаптарды толық орындауы қажет.

3.3. Мүшәйра – ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке Тәуелсіздік күніне орай өткізіледі және жас ерекшеліктеріне сәйкес 2 категория бойынша бағаланады. (9-13 жас, 14-17 жас)

3.4. Жас ақындар – Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін, халқымыздың тарихын, даму жолын жырға қосып 1 өлең арнайды. Ақын өзінің жұмысына тақырып қояды.

3.5. Мүшәйраға қатысушы талапкер бұрын ешбір жерде жарияланбаған, бұған дейін ешбір байқауға қатыспаған авторлық өлеңін ұсынады.

3.6. Қатысушының жұмысы Microsoft Word форматында қабылданады.

3.7. Байқаудың аудандық кезеңіне қатысуға сұраныстар мен қатысушының жұмысы **2024 жылдың 3 желтоқсанына** дейін abb_elzat@mail.ru электронды пошта арқылы қабылданады.

IV. Бағалау шарттары **Байқау жеңімпаздарын анықтау**

4.1. Жеңімпаздарды анықтауға арнайы комиссия құрылады.

4.2. Бір өлең жас ерекшеліктеріне сай 9-13 жас аралығы 2 – 3 шумақ, 14-17 жас аралығы 3- 4 шумақ болуы тиіс. Қатысушы жазылып қойған шығарманы көшіруге болмайды. Әр қатысушы жұмысын ешкімнің көмегінсіз өзі жазуы керек.

4.3. Мүшәйраға барлық тілек білдірушілер қатыса алады, оқушыны байқаудан аластатуға немесе байқауға күшпен қатыстыруға тыйым салынады.

4.4. Комиссия мүшелері мүшәйраның мақсаты, міндеттері мен шарттарына байланысты риясыз шешім қабылдауға міндетті.

4.5. Комиссия мүшелері шешім шығару барысында осы Ережені негізге алады.

4.6 Жеңімпаздар байқау соңында анықталады.

V. Байланыс ақпараттары

5.1 Байқау ұйымдастырушылары:

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы.

Мекен-жайы: Луговой ауылы, С.Есімов көшесі 24Б үй

Тел: 8 7754311985

VI. Қатысушыларды марапаттау

Мүшәйраның аудандық кезеңіне өткен (*жас ерекшелік категориясына сәйкес: 9-13 жас 1 жеңімпаз, 14-17 жас 1 жеңімпаз*) қатысушылары аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталады.

Ескерту: Осы ереже аудандық жас ақындар мүшәйрасына шақыру болып есептеледі.

«Тәуелсіздік — ел бақыты!»
атты аудандық жас ақындар мүшәйрасына қатысуға

СҰРАНЫС

1. Қала, ауданы _____
2. Аты-жөні (толық) _____
3. Туылған күні, айы, жылы _____
4. Мектебі, сыныбы _____
5. Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

6. Жетекшісінің аты – жөні _____
7. Жас ерекшелік категориясын көрсету
9-13 жас
14-17 жас
